

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ



ПЕРВЫЙ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2026 жылғы 5 ақпандағы
№ ДС-41 хатқа

Құрметті депутаттар!

Автомобиль жолдарындағы жол-көлік оқиғалары мен өлім-жітім санын азайту жөніндегі ұсыныстар туралы сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жалпы білім беретін орта мектептерде автомобиль ісі мен жол қозғалысы қауіпсіздігінің негіздері бойынша факультативтік курсты енгізуге қатысты

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес Жол жүрісі қағидаларын (бұдан әрі – Жол ережелері) оқыту бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін (1-4 сыныптарда – жылына 14 сағат, 5-9 сыныптарда – 11 сағат, 10-11 сыныптарда – 7 сағат) жүргізіледі.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектепалды сыныптарда апта сайын 10 минуттан ойын түрінде көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріс-тұрыстың теориялық түсініктері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру бойынша сабақтар өткізіледі.

Бұдан басқа Жол ережелерін оқыту және түсіндіру барлық білім беру ұйымдарында (мемлекеттік және жекеменшік) оқытудың әртүрлі нысандарында (факультативтік оқуды қоса алғанда), оның ішінде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылуда.

Анықтама: Сабақтан тыс уақытта профилактикалық жұмыстармен 2 млн-нан астам оқушы қамтылды (суреттер конкурсы, эсселер, жарыстар, викториналар), Жол ережелерін сақтау бойынша буклеттер, парақшалар мен жадынамалар таратылуда. Балаларды тасымалдау кезінде басшыларға арналған плакаттар мен іс-қимыл алгоритмдерін қоса алғанда, 110 дана әдістемелік материалдар әзірленді.

2025-2026 оқу жылының 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың қатысуымен 3,9 мың тақырыптық «Қауіпсіздік сабақтары» (1,9 млн оқушы қамтылды) және 1,2 млн ата-ана үшін түсіндіру іс-шаралары өткізілді.

2,8 мың мектепте 54,7 мыңнан астам баланы қамти отырып, «Жас сақшы» жасақтары құрылды, балалардың жол жарақаттануының алдын алу бойынша 12,7 мың сабақ өткізілді.

Осылайша негізгі оқу және тәрбие бағдарламалары Жол ережелерін оқытуды жеткілікті көлемде қамтиды, бұл балалардың қажетті білім мен дағдыларды толық меңгеруін қамтамасыз етеді.

Қалааралық такси қызметтерін көрсететін тұлғаларды анықтауға, оларға тасымалдаушы лицензиясын беруге, жүргізушілердің міндетті медициналық тексеруден өтуіне, еңбек және демалыс режимінің сақталуын бақылауға, цифрлық агрегаторлар арқылы жолаушыларды сақтандыруды қамтамасыз етуге қатысты

Қазіргі уақытта еліміздің автомобиль жолдарында жолаушылар тасымалына бақылау күшейтілді. «Қауіпсіз жол», «Қауіпті жүргізуші» және «Тасымалдаушы» жедел-профилактикалық іс-шаралары үнемі өткізіліп тұрады, олардың барысында көптеген құқық бұзушылықтар, соның ішінде заңсыз тасымалдау (сондай-ақ қалааралық тасымалдау) фактілері тіркелуде.

2025 жылы аталған іс-шаралардың қорытындысы бойынша жолаушыларды заңсыз тасымалдағаны үшін 4 333 жүргізуші (ӘҚБтК 463-бабы), қоғамдық орындарда азаматтарға тиісу және такси қызметтерін көрсету мақсатында мазалап өтініш білдіру фактілері бойынша 16 797 адам (ӘҚБтК 449-бабы) әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Заңнамаға сәйкес таксимен тасымалдаушы ретінде қызметтің басталуы хабарлама жасау сипатында (лицензияланатын қызмет болып табылмайды) болады. Бұл ретте тасымалдаушылар үшін ерекше талаптар көзделген, атап айтқанда міндетті медициналық тексерулер, еңбек және демалыс режимін сақтау, сондай-ақ жолаушыларды сақтандыру талаптары бар.

Анықтама: «Автомобиль көлігі туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 26-бабы 2-тармағының 3) және 8)-тармақшаларына сәйкес таксимен тасымалдаушылар такси жүргізушілерінің медициналық тексеруден өтуін, олардың еңбек және демалыс режимін сақтауын қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен бірге, Заңның 18-бабының 2-тармағына сәйкес жолаушылардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандыруға жатады.

Сонымен қатар жолаушылар тасымалына бақылауды күшейту мақсатында мемлекеттік органдар интернет-агрегаторлармен бірлесіп таксимен тасымалдаушылардың қызметін реттеудің қосымша тетіктерін пысықтауда.

Анықтама: Өзара ақпаратпен алмасу, құқықбұзушыларды интернет-агрегаторлардың қосымшаларында бұғаттау, көлік пен жүргізушілерді шектеулердің бар-жоғына тексеру, еңбек ету және демалу режимін бақылау, сондай-ақ жүргізушілердің шаршау жағдайларын ескеретін жүйелерді енгізу мәселелері пысықталуда. Сонымен бірге, сақтандыру полистерін рәсімдеу кезінде жүргізушілер санына шектеу қою мүмкіндігі де талқылануда.

Ішкі істер (бұдан әрі – ІІМ) және Көлік (бұдан әрі – КМ) министрліктері 2023-2027 жылдарға арналған бірлескен Жол картасын бекітті.

2024 жылы осы карта шеңберінде ІІМ, КМ, «Яндекс. Такси» ЖШС және «Inservice» ЖШС («inDrive») ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды (оң жақ рульді автомобильдердің такси қызметтерінен кезең-кезеңімен алып тастауды, жүргізушілерді Жол ережелерін сақтауға ынталандыратын әртүрлі жүйелерді енгізуді және т.б. мәселелерді қамтиды).

Қазіргі уақытта бірлескен жұмыс нәтижесінде рулі оң жақта орналасқан 70 мыңнан астам көлік құралдарына интернет-платформаларға қолжетімділік шектелді.

Сонымен қатар жолаушылар тасымалы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру мақсатында заңнамалық түзетулер дайындалды, олар мыналарды:

оң жақтағы рулі ауыстырылған көлік құралдарын такси ретінде пайдалануға тыйым салуды;

қалааралық тасымалдау кезінде жүргізушілердің еңбек ету және демалу режимін бақылау құралдарын міндетті түрде қолдануды;

тасымалдаушылардың заңнама талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша интернет-агрегаторларының міндеттерін белгілеуді;

таксидің ақпараттық-диспетчерлік қызметінің жұмысына рұқсат беру тәртібін енгізуді көздейді (*түзетулерді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне автомобиль көлігімен жолаушылар тасымалының қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына қосу жоспарланады*).

Жүргізушілерді даярлауды жүзеге асыратын білім беру орталықтарының қызметіне бақылауды күшейтуге қатысты

Тәртіп сақтауды күшейту және бұзушылықтарды болдырмау мақсатында жүргізуші куәлігін беру кезінде кезең-кезеңімен кешенді шаралар қабылдануда.

Мәселен, жүргізушілерді даярлау, емтихандарды қабылдау және жүргізуші куәліктерін беру қағидаларына түзетулер енгізілді (*ІІМ-нің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 бұйрығы*).

А, В, А1, В1 санаттарына өз бетінше дайындалу арқылы емтихандарды тапсыру мүмкіндігі алып тасталды, сондай-ақ емтихан сыныптарын техникалық жарақтандыру (*биометриялық сәйкестендіру, бейнежазба, метал іздегіштерді пайдалану*) бойынша ең төменгі талаптар белгіленді.

Көрінеу жалған оқытуды болдырмау үшін кәсіптік бірлестіктердің ақпараттық жүйесі арқылы оқушыларды (кандидаттарды) есепке алу енгізілді (*бұрын курстарды аяқтау туралы куәліктер бірнеше күннен кейін нақты оқудан өтпей берілуі мүмкін болған*).

2025 жылғы қаңтардан бастап ІІМ «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-мен бірлесіп «Автомектеп» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалануда, онда 727 оқу ұйымы және 408 мың оқушы тіркелген.

«Автомектеп» ААЖ функционалы жүргізушілерге кандидаттарды электрондық тіркеуді, оларды медициналық есепке алу және басқару құқығынан айыру тұрғысынан тексеруді жүзеге асыруға, оқытушылар мен оқу автокөліктерінің есебін жүргізуге, сондай-ақ курстарды аяқтағаны туралы куәліктерді электрондық түрде ресімдеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, жүргізушілерді даярлаудың ашықтығы мен сапасын арттыру үшін автомектептерді ашудың хабарламадан рұқсат беру тәртібіне көшуді, кәсіптік бірлестіктерге міндетті мүшелікті және аталған ұйымдардың басшыларына қойылатын талаптарды арттыруды көздейтін заңнамалық түзетулер дайындалды (*заң жобасы 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап Парламент Мәжілісінің қарауында*).

Жалпы жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері тұрақты бақылауда, уәкілетті мемлекеттік органдар жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және автожолдардағы апаттық жағдайларды төмендету бойынша кешенді шаралар қабылдауда.